

"Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 758 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 501 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 758 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – "Qyzyljar" АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының аумағында Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының, Тайынша ауданының, Қызылжар ауданының және Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімшілік-аумақтық шекарасы шегінде орналасқан.

"Qyzyljar" АЭА аумағы 984,3 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Әуеайлақ маңындағы аумақта және әуе трассаларының шегіндегі жерлерде кедергілер болып табылатын объектілерді салу, электр беру желілерін орнату және басқа да құрылысжайларды орналастыру үшін; оның салдарынан әуе кеңістігінде радиотолқындық, көрінетін, акустикалық және өзге де сәулелену түрлері жүргізілетін жұмыстарды жүргізу үшін; құстардың топталып жиналуы үшін жағдай жасайтын немесе ұшу көрінісін нашарлататын объектілерді орналастыру, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдаланумен тікелей байланысты емес, бірақ АЭА аумағында ұшудың, әуе кемелері жабдықтарының және олардағы адамдардың қауіпсіздігіне әсерін тигізетін кез келген басқа қызмет үшін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тиісті рұқсатты алу қажет".";

Ережеге қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын


2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

[illegible]

"Qyzyljar" АЭА № 1 қосалқы аймағы

Аумақ қала орталығында орналасқан, Парковая көшесі.

Ауданы – 15 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 2 қосалқы аймағы

Аумақ Береке шағын ауданында орналасқан, Нефтепроводная көшесі.

Ауданы – 7,3 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 3 қосалқы аймағы

Аумақ айналма жол ауданында орналасқан, Промышленная көшесі, ЖЭО 2. Ауданы – 160 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 4 қосалқы аймағы
Аумақ Шығыс шағын ауданында орналасқан.
Ауданы – 30 гектарды құрайды.




"Qyzyljar" АЭА № 5 қосалқы аймағы
Аумақ Петропавл қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан, Теплые Кусты көшесі.
Ауданы – 150 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 6 қосалқы аймағы

Аумақ Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданы Амандық ауылдық округінде орналасқан. Ауданы – 200 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 7 қосалқы аймағы

Аумақ Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Новоишимка ауылдық округінің Новоишимка ауылында орналасқан.

Ауданы – 200 гектарды құрайды.



"Qyzyljar" АЭА № 8 қосалқы аймағы

Аумағы "Жезқазған – Петропавл" тас жолы, 1 ғимарат, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Прибрежный ауылдық округі, Прибрежное ауылында орналасқан. Ауданы – 222 гектарды құрайды.



Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2026 жылғы " "

№ қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 11 қазандағы

№ 758 қаулысымен

бекітілген

"Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары

P/c №	Мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі*	Базалық кезең (2019 жыл)	2024 жылға қарай нысаналы индикаторға қол жеткізу	2029 жылға қарай нысаналы индикаторға қол жеткізу	2034 жылға қарай нысаналы индикаторға қол жеткізу	2039 жылға қарай нысаналы индикаторға қол жеткізу	2044 жылға қарай нысаналы индикаторға қол жеткізу
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Тартылған инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд теңге	21	175	245,55	247,6	249	250
1.1	шетелдік инвестициялар көлемі	млрд теңге	16	158	98,157	100,2	100,2	101,2
1.2	отандық инвестициялар көлемі	млрд теңге	5	17	147,4	147,4	148,8	148,8
1	2	3	4	5	6	7	8	9
2.	АЭА аумағында тауарларды және көрсетілетін қызметтер	млрд теңге	-	4,5	274	283		290

	ді (жұмыстарды) өндіру көлемі						287	
3.	Қатысушылар саны	компаниялар	1	15	28	29	30	30
4.	Қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын адамдар саны	адамдар	10	23	33	40	42	48
5.	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	300	1 000	3 190	3 430	3 550	3 740
6	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	30	55	70	80	83	86

* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.